

**2012 жылдың қаңтарынан наурызына дейінгі кезеңде азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді өткізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Бірғыз аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 11 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 22 желтоқсанда № 3-5-150 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бірғыз аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 30 мамырдағы № 1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бірғыз аудандық әкімдігінің 2012.05.30 № 1 Шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 «Қазақстан Республикасындағы әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі жөніндегі Ережені бекіту туралы» Қаулысын орындау үшін, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33 бабына сәйкес Бірғыз ауданының әкімі **ШЕШІМ**  
**Е Т Т І :**

1. 2012 жылдың қаңтарынан наурызына дейінгі кезеңде «Бірғыз ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу жылы 17 жасқа толатын 1995 жылы туған еркек жынысты азаматтарды, сонымен қатар бұрын тіркеуден өтпеген, Бірғыз ауданы аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын ересек жастағы азаматтарды тіркеуден өткізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

Тіркеу өткізу шараларын орындауға байланысты шығындар, жергілікті бюджет қаржылары есебінен жүзеге асырылсын.

**2 . Ұ с ы н ы л с ы н :**

1) Бірғыз аудандық орталық ауруханасы (келісім бойынша) тіркеуді өткізу бойынша іс-шаралар жүргізсін.

2) Бірғыз аудандық ішкі істер бөлімі (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды жүзеге асырсын.

3. Селолық округтер әкімдері тіркеуді өткізу кезеңінде әскер жасына дейінгілерді және шақырушыларды хабардар етуді, олардың дер кезінде «Бірғыз

ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне келуін қамтамасыз етсін.

4. «Ырғыз ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы азаматтардың шақыру учаскесіне тіркелуін ұйымшылдықпен жүргізуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын. Тіркеу қорытындысы туралы 2012 жылдың 11 сәуірінде аудан әкіміне хабарласын.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Шахинге және «Ырғыз ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы М.Ыбраевқа жүктелсін.

6. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. ДУАНБЕКОВ*